

verbalized, hidden - not verbalized or artificially verbalized only in conditions of a compulsory task (for example, in an experiment);

according to the degree of abstract content: concepts are divided into abstract and concrete.

The composition of the mental-psychonetic complex components are included: a verbalized component of thinking, including knowledge in the language, existing in the linguistic form, or in the form of textual, discursive information and representing any ways of describing the world (scientific, artistic, folklore), reflected in our conceptual model; non-verbalized component of thinking (experienced, figurative, mathematical knowledge, knowledge of culture, art, etc.); images (gestalt), which may have a non-verbal and verbal status; mental functions: feelings, sensations, intuition, transcendence, which correlate with thinking in cognitive-cognitive processes, including using language; reflexes in the mental-psychonetic complex, having archetypes of the collective unconscious.

Literature

1. Alefirenko, N.F. (2003). Problemy verbalizatsii kontseptov [The problem of verbalization of the concept]. Volgograd: – Peremena [in Russian].
2. Popova, Z.D., Sternin, I.A. (2006). Semantiko-kognitivnyy analiz yazyka [Semantic and cognitive analysis of language]. Voronezh: Istoki [in Russian].
3. Sternin, I.A. (2005). Kontsepyi znachenie: kakomu vidu soznaniya oni prinalozhat? [Concept and meaning: what kind of consciousness do they belong to?]. Yazykinatsionalnoe soznanie [Language and national consciousness]. Voronezh: Istoki. Is. 7, 4-10 [in Russian].
4. Mazhitaeva, Sh.M. (2013). Peredachaskrytogo znacheniyapripomoshchiznakov [The transfer of latent values using the digits]. Bulletin RUDN, ser. Theory of language. Semiotics. Semantics. – Moskva. Is. 4, 90-97 [in Russian].
5. Mankeeva, Zh. (2002). Kazak tilinertteudinkognitivtiknegizderi [Cognitive basics of learning the Kazakh language]. Tiltanym [Linguistics]. Almaty. Is. 4, 39-43 [in Kazakh].
6. Kaidar, A. (1998). Kazak tilininozektimaseleleri [Current problems of the Kazakh language]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].

УДК 81`4

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ СОМАТИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Асылбекова Айнур Кайратқызы

asylbekova.a17@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің магистранты,
Ғылыми жетекші – Кенжетаева Гулзира Кабаевна, ф.ғ.к., профессор м.а.
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Фразеология бойынша зерттеулер тіл білімінде бірқатар мәселелерді қамтиды, олардың ең бастысы қазіргі таңда фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеу болып табылады. Фразеологиялық бірліктер халықтың материалдық және рухани өмірін, оның тарихын, адамгершілік құндылықтарын, салт-дәстүрлерін толығымен көрсетеді.

Фразеологиялық бірліктердің басым көпшілігі адаммен, оның қызметінің әртүрлі салаларымен байланысты. Яғни, соматикалық фразеологиялық бірліктер маңызды рөл атқарады. Соматизм – адамның немесе жануардың дене бөлігінің атауы.

Алғаш рет лингвистикалық қолданысқа «соматикалық» терминін Ф.Вакк өзінің зерттеуінде қолданды, және ол «соматизмдер кез-келген тіл лексикасының ең көп қолданылатын бөлігін құрайды» деген тұжырым жасады [1, 23 б].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі соматикалық компоненті бар фразеологиялық бірліктерді салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу бұл сол халықтың мәдениетін, тарихын, жалпы ерекшеліктерін анықтауға, ұлттың менталитетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Дене бөліктерінің атаулары кез-келген тілдің негізгі лексикасына жатады, және ұзақ тарихи даму нәтижесінде қалыптасқан этномәдени факторларға да байланысты айырмашылықтары болады.

Фразеологиялық бірліктердің ішінде әлемді қабылдау, әлемді танумен, өмірмен, сезіммен, адамның физикалық және ақыл-ой еңбегімен байланысты соматизмдер көп кездеседі.

Әлемнің көптеген елдерінде «жүрек» - «heart»- адамның терең сезімдерін бейнелейтін негізгі орган болып табылады, бұл адамның әртүрлі эмоционалды күйлеріндегі жүрек қызметіндегі өзгерістерді қабылдауымен түсіндіріледі және олар әр түрлі себептерге негізделеді; мысалы, жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы немесе төмендеуі. Қазақ мәдениетінде «жүрек» лексемасының адамның ішкі қасиеттерін, адамның басқаларға деген қатынасын бағалауға, байқауға болатынын; ұлттық сана-сезімінің қасиеттерін көре аламыз. Халық «жүректі» сезімнің «бастау көзі» деп есептеген [2].

Ет жүрегі езілді – Уайымдады, іші күйді, қайғырды

Жүрегі елжіреді – Жаны ашыды, көңілі түсті, аяды; мейірленді

Су жүрек – Қорқақ

Жүрегі өрікпіді – Көңілі қобылжыды

Жүрегі өрт боп жанды – Өзегі өртенді, қапа болды, қайғырды, уайымдады

Жүрегі суып қоя берді – Қатты қорықты, үрейленді

Жүрегі тас төбесіне шықты - Қатты үрейленді, шошып кетті, қорықты [2].

Осы мысалдардан адамның қорқыныш, қобалжу, уайым сияқты сезімдердің жүрекпен байланысты екенін көруге болады.

Сол сияқты жақсы көру, ұнату, ғашықтық сезімдері де жүрекпен ұштасады.

Жүрегінен өрт түсті – Ғашықтық жалыны жанды

Жүрегі жанды – Ғашықтықтан іші елжірей өртенді

Жүрек қылын шертті - Сезіміне әсер етті, көңілін аулады.

Сонымен қатар моральдық категорияларға байланысты бірліктер де кездеседі.

Тас жүрек - Қатыгез, мейірімсіз; Қорықпайтын жау жүрек [2].

Қазақ халқының эпостық, батырлар жырларынан батырлықты аңдардың жүрегімен теңеп, қолданатынын да байқауға болады.

Мәшһүр Жүсіптің пайымдауы бойынша: «Күллі денеге күш беретін – жүрек. Адамның он екі мүшесінде бұдан күш алмай, өз бетімен жұмыс жасайтын дене жоқ». Яғни, батырлық жүректің қасиеті. Қазақ халқында бізге бостандық сыйлаған, тәуелсіздік алып берген, мақтан тұтатын қайсар да батыр ата-әжелеріміз, қазақ қыздары, ағаларымыз көп. Сол кісілерді мақтанышпен «*жүрек жұтқан*», «*жүрегінің түгі бар*» деп мақтанышпен айта аламыз.

Арыстан жүректі – Қаймықпайтын, тайсалмайтын, өжет. [2].

«Жүрек» діни түсінікте Алла тағалаға деген сенімнің мекені. Иман ұялаған жүрек әрдайым жақсылық жолында болады. Сондай-ақ мейірімділік, ізгілік, адамгершілік сияқты қасиеттер сипат алады [2].

Жүрегі жұмсақ – Ізгі жүректі, адал көңілді, адал бейілді, рақымшыл.

Жүректі тербеді – Мейірлендірді, тебіrentті.

Ағылшын тілінде мынандай мысалдарды келтіруге болады:

A heart of gold – жүрегі алтын, мейірімді адам

a kind heart – жүрегі жұмсақ, елгезек
an open heart – ашық мінезді, ақжарқын, ақкөңіл
Flint-hearted – тас жүрек, қатыгез
have one's heart in one's boot – қорқу, үрейлену
lose heart - еңсесі түсу, ынжырғасы түсіп кету
one's heart is broken – қайғыру
a heart of oak – батыл, ержүрек, өжет
one's heart goes out to smb. – біреуді ұнату
lose one's heart - ғашық болу, ұнату [3].

Адам ағзасындағы келесі бір басты орган – ол буыр. Қазақ мәдениетінде «бауыр» бір әк - шешеден туған, жақын немере, туысқан адамдар. Қазақтар жақын туысы, жолдасы қайтыс болған кезде «ой бауырым» деп жылайды.

«*Iu бауыры өртену*», «*ет бауыры езілу*» сияқты бірліктер де адам қатты қайғырған кезде айтылады. Бұл қазақ қоғамында «бауырдың» үлкен мәнге ие екендігін, орны ерекше туыстықты білдіреді.

Сонымен қатар құдалық кезінде «құйрық-бауыр жеу» дәстүрі де қазақтарға тән [4, 441 б.].

Арнайы пісіріп, әзірлеген қойдың құйрық майы мен бауыры туралған табақтан қыз жағының адамдары:

Құда, құда деселік,
Құйрық-бауыр жеселік,
Құйрық-бауыр жемесек,

Несіне құда деселік – деп өлендетіп, құдаларға, отырған адамдарға құйрық-бауыр асатып шығады. Осы үйлену салты кезіндегі ерекше сипатқа ие болуының астары халықтың дәстүрлі наным-сенімінде жатыр. Бұрыннан қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысқан, сондықтан да май – молшылықтың, байлықтың нышаны деп білген.

«*Ант сүйек*» – Соғымға сойған мал етінен сақталған жылқының мүшесі. Қазақта, әдетте, соғымның ең ақырғы еті ретінде жамбас сүйек сақталады, мұны қонаққа асса, қонақ: «Ант сүйек салыпты, үйде енді ет жоқ» – деп ойлайды. Осыған қатысты, ел арасында мынандай сөз қалыптасқан:

Жамбасты асқаны, үй иесінің сасқаны,
Үйінде жоқ болды – ау, жамбастан басқа қосқаны [4, 173 б.].

Ал, ағылшын тілінде «*liver*» ағзадағы қанды тазартатын және өт шығаратын үлкен орган мағынасын білдіреді, және бауырмен байланысты соматикалық фразеологизмдер өте аз кездеседі.

Мысалы:

Lily-livered – қорқақ мағынасында, алғаш рет 1605 жылы қолданысқа енген, бұл тіркесте *lily* - лалагүл, бозғылт түсті, *liver* - бауыр. Яғни осыдан, бауырда қаны жоқ адам қорқақ болады деген сенім туындаған.

Chicken livered – қорқақ мағынасында. «Тауық» сөзі дәстүрлі түрде қорқақты сипаттау үшін қолданылады. Сонымен қатар, адамдар бауыр – батылдық орны деп сенеді. Бірақ *chicken livered*, *chicken-hearted* бір мағынаны білдіреді [5].

«Көз – көру органы; жіп я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі; бір нәрсенің шығар жері, қойнауы; бір нәрсенің нақты өз басы; өткеннен қалған нәрсе, біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ; ақыл, ес, сана» [6].

«Екі көзі төрт болды» – Сағынды аңсады, жолына қарай-қарай шаршады, күте – күте зарықты, көруге асық болды – деген мағына береді.

Жімі көз – Өткір көз, көреген.

Көз жанарының уытын төкті – Телміре қарады; тесіле, сұқтана қарады.

Көз алдады – Әшейін жұбата салды, немқұрайды іс істеді, көз-баяушылық етті.

Көзі шырадай жану – рахаттану.

Көз сүріну – әдемі, сымбаттылық.

Көргеннің көзі тойғандай – әдемі, сымбаттылық.

Ай десе аузы, күн десе көзі бар – әдемі, сымбаттылық [7].

Қазақ халқында сұлу қызды аспандағы айға, күлімдеген күнге теңеуі ұлттық ұғымға, ұлттық сезімге жақын. Ай әдемілік пен сұлулықтың үлгісі болып табылады. Қазақ эпосында сұлулық, нәзіктік, арулық Аймен теңестіріледі:

«Туған айдай толықсып, бұралып кетіп барады» (Қыз Жібек),

«Жалғыз қызы Гүлбаршын – он бесте толған ай еді» (Алпамыс),

«Жақсы Ай - Күндей, жарығы әлемге бірдей» (мақал).

Ағылшын тілінен мысалдар:

Burst upon the eye – бірден көзге түс

Cast one's eye over smth. – көз жүгіртіп қарау

Cast sheep's eyes at smb. – біреуге махаббатпен қара

Catch smb's eye - біреудің көзқарасын ұстап алу

Clap eyes on smb. – көру, біреуді байқап қалу

Jump to the eye - көзге түсу, назар аударту

Fasten one's eyes on – телміріп қарау

Feast one's eyes – көз қуанту, тамашалау [8].

Фразеологизмдерді таңдау барысында «көз» компоненті бар бірліктер көп кездесетіні байқалды. Бұл лексема фразеологиялық бірліктерді жүйеге келтіру, зерттеу кезінде нәтижелі болып табылды. Бұл таң қаларлық емес, себебі адам әлем, қоршаған орта туралы ақпараттың 80 пайызын көру арқылы алады.

«*Бастан құлақ садақа*» – мал шаруашылығындағы емдеу ғұрпына байланысты қолданылады. Бұл тіркестің де қалыптасуы осы халық еміне байланысты туындаған. Ауруға шалдыққан малдың бір құлағын кесіп алып, оны басынан үш айналдыра «бастан құлақ садақа» деп лақтырып жіберетін болған. Мұның бәрінен байқайтынымыз, көшпелілердің малға қатысты таным түсініктері де тілде өзіндік көрініс тапқандығы.

Қазақ тілінде тыныштыққа байланысты «*Құлаққа ұрған танадай*» – деген тұрақты тіркес бар. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде бұл тұрақты тіркес тып-тыныш, жым-жырт деген мағынаны береді. Сонымен қатар, бұл тіркес халық тұрмысымен, халық тіршілігімен де байланысты. Сиырдың жас төлінде (бұзау, тана, баспақ) «айналшық» деген дерт кездеседі. Оны ғылыми түрде «ценуроз» деп атайды. Бұлай ауырған мал сенделіп, тұрған жерінде айнала береді. Қазақтарда осыған байланысты айналшық жегендей деген де сөз бар. Оның мәні бір жерді төңіректеп, маңайлап кете қоймайтын, жүріп алатын кісі туралы айтады. Яғни, құлаққа ұрған танадайдың тағы бір мағынасы – есеңгіреу. Малды ұрғанда есеңгіретіп алып, есін жиғызу о баста ауырған малды емдеу үшін қолданылған, сондықтан бұл тіркестің жасалуына халық емінің бір түрі негіз болған. Сонда бұл тіркестің екі мағынасы бар: бірі – есеңгіреу, екіншісі – жым жырт тыныштық [9].

«Бас – Адам мен жануарлардың ауыз, көз, құлақ, ми орналасқан дене мүшесі; кісі, адам, жан; малдың саны, тұяқ; өсімдіктердің жоғарғы жағы, ұшы; таудың, қырдың шыңы, төбесі; құрал-саймандардың жүзі бар жағы; оқиғаның басталған мерзімі; бастық, жетекші» деген мағына береді [10].

Басына зобалаң туу - қиындық көру, қиын кез.

Басына ойнады - Басынды, менсінбеді.

Басы бүтін берді - Еш сұраусыз, қайтарусыз берді; қайтарып алмайтын боп берді.

Басы жетпес орынға аяғын салды - Әліне қарамай, шама-шарқын байқамады.

Басында міні бар - Өзі айыпты, жазықты деген мағынада.

Басы байлаулы - бала кезінен айттырып қою.

«Бас» ағылшын мәдениетінде әртүрлі сипаттамаларға ие, ол жақсы, жаман ақылды, ақылсыз, ақымақ, ақылды болуы сияқты қасиеттерді, адамның ақыл-ой белсенділігін сипаттайды.

carry one's head high – басын жоғары ұстау

a clear head – ақылды

hang one's head – мұңаю, жабырқау.

have a bad head for smth. – қолынан ештеңе келмеу

have an old head on young shoulders – ақылды болу [11].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі» атты түсіндірме сөздігінде ауызға мынадай анықтама берілген: «Ауыз – Адам мен жануарлардың тамақтанатын мүшесі; сөйлеу мүшесі, дыбыстау аппараты; Ауыспалы мағынада: адам, кісі, жан; бір нәрсенің шығар жағы, есігі; бір нәрсенің үстіңгі беті».

«*Ауызының салымы бар*» – жақсы іс, несібе бұйырған адамға айтылады. Әдетте, тамақ дайын болған кезде, отыра бергенде келген ауыл адамына айтылады. Үй иесі ол адамға «мақтап жүреді екенсің» деп үстел басына шақырады. Сонымен қатар жаңадан мал сойылып жатқан кезде келген қонаққа, жігіт ел ішіндегі мақтаулы қызды алса айтылады. Яғни, «несібесі мол екен, несібесіне бұйырып тұр екен» деген мағынаны білдіреді [12, 273 б.].

Ал ағылшын тіліндегі *foam at the mouth* – қатты ашулану, ашу – ызаға булығы деген мағына береді. Бұл фраза сөзбе-сөз шыққан, яғни «ауыздағы көбік» деп аударылады. Құтырған иттей аузынан ақ көбік атқылап, қатты ашуға булығы деген мағына береді. Бұл құбылыс адамға әсер етуі мүмкін. Ең алғашқы қолдануды 1601 жылы Шекспирдің «Юлий Цезарь» трагедиясынан байқауға болады [13].

Сонымен, әр халық қоршаған әлемді қалыптасқан дәстүр, мәдени-ұлттық көзқарастар арқылы қабылдайды. Мәдени-ұлттық сана-сезімді, оның сипатын, ұлттық менталитет ерекшеліктерін көрсетуде фразеологиялық бірліктердің орны ерекше.

Қазақ тіліндегі тіркестер қоры халық басынан өткен әр түрлі жағдайлардың ел аузында сақталған, айтылып жүрген нұсқалары және олар келер ұрпаққа мәдени мұра болып табылады. М.Гердер: «Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы» дейді. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар ұлттық мәдениеттің негізі болып саналады. Жоғарыда көрсеткен мысалдарымыз соған дәлел. Яғни, қазақ тіліндегі фразеологизмдер қазақ халқының дәстүрлеріне тікелей байланысты, себебі бұрыннан қазіргі уақытқа дейін қазақ халқы өз салт-дәстүрлерін, қонақжайлылығын, қай уақыт болмасын қонаққа құрмет көрсету сияқты адамгершілік қасиеттерін сақтап келген. Сонымен қатар ежелден бері қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысқандықтан, ішсе тамақ, мінсе көлік, кесе киім болған төр түлік малға ерекше көңіл бөлген. Осындай ерекшеліктерді, яғни әр халыққа тән тіршілігін, дәстүрін, құндылықтарын тұрақты тіркестерден көре аламыз.

Ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктерінің ерекшелігі олардың алуан түрлілігі. Соматикалық фразеологиялық бірліктерінің айнасында рухани аясы көрінеді: адам және оның моральдық мәні, эмоционалды әрекеттері мен күйлері, мінез-құлық белгілері, басқа адамдарға деген көзқарасы; яғни, ағылшын фразеологиялық бірліктері эмоционалды-экспрессивтілігімен ерекшеленеді. Мысалы, жек көру, кекету, мұқату, ирониялық, сарказм т.б. сияқты мағынадағы бірліктер көп кездеседі. Сонымен қатар, ағылшын әдебиетінде, мысалы, Шекспирдің шығармаларында қолданылған тіркестер; олардың наным-сенімдеріне де байланысты екенін байқаймыз.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі соматизмдерінің ұқсастықтары болған жағдайда да, әр тілдің, халықтың табиғатына ғана тән, бір-біріне мүлдем ұқсамайтын өзгеше белгілері,

айырмашылықтары да бар. Яғни, олар бір-бірінен қатты ерекшеленбесе де ол әр ұлттың ерекшелігіне, менталитетіне, дәстүріне, наным-сенімдеріне тікелей байланысты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Вакк Ф.О соматических фразеологизмах эстонского языка // Вопросы фразеологии и составления фразеологических словарей. – Баку. – 1968.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: – DPS, 2011. 1-том: А-Д – 738 б.
3. Англо - русский фразеологический словарь/ Лит.ред. М.Д. Литвинова. - 4 изд., перераб. И доп.- М. Рус.яз., 1984. - 944 с.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: - РПК «Слон», 2012. 2-том: - 736 б.
5. Oxford dictionary of English idioms. Second edition, - 2004. - 352 p.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 967 б.
7. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 800 б.
8. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка: Учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. - 2-е изд., перераб. - М.: Высш. шк., Дубна: Изд. центр «Феникс», 1996. - 381 с.
9. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. – 256 бет
10. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. - 728 б.
11. Spears R.A. American Idioms Dictionary. – Illinois. – 1991.
12. Ибраев М. Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары / Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Құраст.: С. Әжіғали. - Алматы: Арыс, 2005. 141-151 б.
13. Энниг Ж.-Л. Краткая история значений тела. М., 2006. AHDEL – The American Heritage Dictionary of the English Language, Fourth Edition copyright ©2000 by Houghton Mifflin Company. Updated in 2009.

УДК 81`5

PECULIARITIES OF PUBLICISTIC STYLE TEXT TRANSLATION (BASED ON THE WORK OF J. WARDELL «IN THE KAZAKH STEPPES»)

Ayaganova Tamila Dossymseitkyzy

tamilayaganova@gmail.com

Master's Degree student of Philology Faculty of L.N. Gumilyov ENU

Scientific supervisor – Anafinova Madina Latypovna

Nur-Sultan, Kazakhstan

Publicistic style is one of the functional varieties of literary language that serves the sphere of political, ideological, economic, and cultural relations in contemporary society. Publicist texts are even sometimes referred to as chronicles of modern times because they reflect the history and address the current problems of society. Withal publicistic style has tremendous genre range, its expressive resources are great and themes that could be covered by this style are inexhaustible.